

QarMTU | KapGTU



1953

Тақырып: Этникалық және ұлт әлеуметтануы

Пән: Әлеуметтік-саясаттану білім модулі

Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған

Дәріскер: аға оқытушы Сарсенбеков Н.Ж.

Қарағанды 2022



Дәріс жоспары

1

«Этникалылық» термині

2

Этносоциология бағыттары

3

Қазіргі кезде этнос процесстерін зерттеу

«Этникалылық» термині

Этникалылық түсінудегі мазмұнды аспектісінің рөліне қатысты пікірталастар өткен ғасырдың 70-ші жылдарында басталды. Бүгінгі күннің өзінде анықталмаған, келісілмеген сәттер көп кездеседі. Кейбір ұғымдар түсініксіз немесе қазіргі жағдайды шынайы көрсете алмайды. Пікірталастардың пайда болуы этникалық проблеманы бірінші жоспарға шығарған әлемдегі этносаяси процестермен байланыстырылады. Этносоциологияның категорияларын (этнос, ұлт және этникалылық) тыңғылықты теориялық талдаудан өткізу қажеттілігі туындады. Кең көлемде қолданылуына қарамастан “этникалылық аса жаңа түсінік болып көрінеді”, - дейді Н.Глейзер мен Д.П. Мойнихан. Олар мынадай фактіге назар аударады: бұл терминнің алғашқы түсіндірмесі ағылшын тілінің Оксфорд сөздігінде тек 1972 жылы ғана пайда болды. Бұл терминді ғылыми айналымға енгізу Л.Уорнер мен П.Лунтуға тиесілі, олар бұл ұғымды “қазіргі кездегі қауымдардың мәртебелік жүйесі” атты жұмыста қолданды.

Этникалылық - бұл ғылымда кеңінен қолданылатын, қоғамда мәдени айырмашылығы бар (этникалық) топтар мен бірдейліктер бар екенін білдіретін категория. Отандық қоғамтануда кез келген жағдайларда, әр түрлі тарихи-эволюциялық типтегі (ру, жұрт, ұлт) этникалық қауымдастықтар (халықтар) жайлы сөз болған кездерде “этнос” термині кеңінен қолданылады. Этнос түсінігі гомогендік, функциялық және статикалық сипаттамалардың бар екенін білдіреді, олар топты, сол сияқты сипаттамалар жиынтығына ие басқа топтардан айырылмайды. Ғалымдар арасында да этникалылық феноменін анықтауға келгенде бірлік жоқ, бірақ олардың этникалық немесе этникалылықтың бар екені жайында айтуға мүмкіндік беретін қауымдастық үшін тән бірқатар сипаттамалар ортақ. Мұндай сипаттамаларға: топ мүшелері мойындайтын ортақ аумақ пен тарихи шығу тегі, ортақ тіл, материалдық және рухани мәдениеттің ортақ белгілері жайында түсініктің болуы; отан және ерекше институттар жөнінде саяси бекітілген түсініктер, мысалы халық деген түсініктің бір бөлігін құрайды деп есептелінетін мемлекеттілік сияқты; ерекшелік сезімі, яғни топ мүшелерінің соған жатқызылуы және осыған негізделген ынтымақтастықпен бірігіп әрекет жасаудың формалары жатады.

Этникалылықты түсінуде әлеуметтік және мәдени аумақтарда қандай да бір топ бар деген түсінік маңызды рөл атқарады (Ф.Барт). Этникалық қауымдастықтар ең алдымен, мүшелерінің өздері үшін маңызы бар деп санаған (немесе бұл маңыздылық сырттан таңылған) және ол өзіндік сана-сезімнің негізінде жататын сипаттамасымен анықталады. Сонымен, этникалылық - мәдени айырмашылықтарды ұйымдастыру формасы. “Халық” ұғымы этникалық қауымдастық мүшелері бір немесе бірнеше ортақ атауға және мәдениеттің ортақ элементтері мен шығу тегі жайлы ортақ мифке ие және тиісінше ортақ тарихи жады бар, өздерін айрықша географиялық аумақмен байланыстыра алатын және топтық ынтымақтастық сезімін көрсете алатын адамдар тобы деп түсіндіріледі.

Ғылымда және саясатта кең таралған ұғым “ұлт” болып табылады. Оған әр түрлі тарихи әрі қазіргі заманғы мағыналы мазмұн жатқызылады. Ең кең таралғаны осы терминнің көмегімен бір мемлекет азаматтарының жиынтығын саяси бірлестік ретінде белгілеу болып табылады. Кейде саясатта ұлттар деп кәдімгідей мемлекеттерді атайды (Біріккен Ұлттар Ұйымы ұғымы). Ұлттардың басым көпшілігі әр түрлі тілде сөйлейтін және әр түрлі дінді ұстанатын бірнеше, кейде ондаған және жүздеген этникалық қауымдастықтарды қамтиды (американдық, үнді, канадалық, қытайлық, швейцариялық, т.б.). Әдетте мемлекетте ең көп этникалық қауымдастықтың мәдениеті үстемдікке (ресми) мәртебеге ие болады, ал аз қауымдастықтардың мәдениеті ассимиляция мен кемсітушілікке тап болады. Сонымен қатар, ұлттар, этникалық қауымдастықтар немесе этникалық ұлттар деген түсінік (этнос түрі ретінде) айтарлықтай дәрежеде таралған, тарихи пайда болған және адамдардың ортақ мәдениеті мен өзіндік сана-сезімі бар тұрақты этноәлеуметтік қауымдастығы ретінде түсіндіріледі. КСРО-да этникалық ұлт және ұлттық-мемлекеттік құрылыс деген түсінік басшылыққа алынған болатын. Этникалық қауымдастықтар (халықтар) ұлттар деп аталды, ал іс жүзінде өмір сүрген азаматтық ұлт кеңес халқы деп аталды. Ұлт ұғымының ғылыми мазмұны, оны талқылауа көптеген ірі ғалымдар мен публицистердің қатысуына қарамастан ұзақ және тиімділігі төмен пікірталастардың тақырыбы болып табылады.

(И.Гердер, О.Бауэр, К.Каутский, М.Вебер, К.Маркс, В.И. Ленин, П.Сорокин, Н.А. Бердяев, қазіргі заманғы қоғамтану Д.Амстронг, Б.Андерсен, Э.А. Баграмов, Ю.В. Бромлей, А.Г. Здравомыслов, Э.Геллнер, Л.Н. Гумилев, У.Коннер, Э.Смит, Э.Хобебаум, М.Хрох, П.Чатарджи). Әлемдік ғылымда жалпылама қолданылатын “ұлт” түсіндірмесі, әсіресе егер сөз оның шекаралары, мүшелері мен статистикалық категориялары турасында болғанда жоқ. Сонда да соңғы уақыттарға дейін қоғамтануда ұлтты нақтылы тұтастық, қауымдастық деп түсіну үстем болып келді және әлі күнге дейін өз позициясын сақтауда. Бұл жағдайда ұлт базалық қажеттіліктері, өзіндік сана-сезімі, ортақ еркі бар бірыңғай және мақсатты бағытталған ұжымдық индивид ретінде қарастырылады. Ұлтты қазіргі заманғы эмоционалдық және саяси заңдылыққа ие болған, бірақ ғылыми анықтамасы болмаған және бола алмайтын семантикалық-метафориялық категория ретінде қарастыруға болады. Өз кезегінде ұлт ұжымдық түрде қуаттауға болатын бейне ретінде, ұлтшылдық саяси аумақ ретінде (доктрина және тәжірибе) нақтылы өмір сүретін тұтастық ретінде мойындаусыз-ақ өмір сүре алады.

Саяси лексикада, көбіне ғылыми әдебиетте этнос және ұлт түсінігі синоним ретінде қолданылады, өйткені “этнос” “этникалылық” ұғымдары этникалық жіктелім үшін базалық болып табылады, ал “ұлт” ұғымы көбіне адамдардың этникалық тұтастығының мемлекеттік формасы ретінде анықталады. Сонымен бірге, В.М. Межуев былай дейді: “Ұлт этносқа қарағанда менің туылу фактісімен берілген нәрсе емес, өзімнің күш-жігерімнің арқасында және жеке таңдауым бойынша берілген нәрсе. Этносты мен таңдамаймын, ал ұлтты таңдаймын, таңдай аламын. Ұлт адамның антропологиялық және этникалық анықтауы емес, ол индивидтің мемлекеттік, әлеуметтік, мәдени тиістілігі”. Оның үстіне жаңарту мен жаһандану жағдайында этникалық бірдейлік ұлттық ұқсатумен ауыстырылады деген біршама уақыт бұрын таралған сенім іс жүзінде расталмай отыр.

“Ұлт” жөнінде айта отырып, тағы бір маңызы бар “ұлтшылдық” түсінігін қозғай кеткен жөн. Қоғамдық ғылым дәстүрінде кеңестік уақыттан бері “ұлттық” пен “ұлтшылдықты” анықтауда айтарлықтай қатаң айырмашылық қалыптасты

. Біріншісін алатын болсақ ол жерде өз этникалық ұлтына табиғи сүйіспеншілік сезімі және жақындығы, игілігі жайында қамқоры, ана тілін, мәдениетін және дәстүрін сақтау және олардың еркін түрде дамуы түсіндіріледі.

“Ұлтшылдық” “ұлтқа” керісінше, атап айтқанда өз этносын басқаларға қарсы қою, басқа ұлттардың мүдделері мен сезімдерін құрметтемеу, менсінбеу, т.б. Соңғы уақытта ресейлік әдебиеттерде (В.А.Тишков), әлемдік ғылымға сілтеме жасай отырып “ұлт” пен “ұлтшылдықты” бір ұғым ретінде түсіну ұсынылуда, атап айтқанда “ұлтшылдық” оның негізгі көрінісі ретінде - этникалық ұлтты айрықша әлеуметтік бірыңғайлық және ол жерде жеке мемлекеттілікті құру құқығын мойындалуы ұсынылып отыр. Посткеңестік ұлтшылдық (дұрысы этноұлтшылдық), ұлтты терең тарихи және басқа да объективті сипаттамалардың негізінде мүшелікке ие этникалық қауымдастықтың формасы ретінде негізделген доктрина және саяси тәжірибе деп анықталады.

“Ұлт”, “ұлттық”, “ұлтшылдық” түсініктері біртексіз түсіндірілуіне ие және екі аспектіде пайдаланылады - этникалық (этномәдениеттік) және мемлекеттік (саяси). Этникалық және мемлекеттік қауымдастықтардың объективті айырмашылығы осыдан. Оларды бір-біріне қарсы қою әрекеттері мен бәреуін дұрыс деп мойындаумен біреуін дұрыс деп мойындау, әсіресе көпұлтты мәдени, тарихи ортада қажет емес этноұлттық бедерсіздікке міндетті түрде алып келеді.

Этнос сөзінің бөлінуі

Метаэтнос- бұл халықтың үлкен топ бірлігі

Субэтнос – бұл бір халықтың территориясынан бөлініп шығуы

Этногенез – бұл әр түрлі қауымдық топтар негізінде жаңа құрамдағы туыстас тайпа немесе халықтың шығу тегі.

Этногенез процесінің негізгі екі түрі

Жергілікті бірнеше көне тайпалық топтардың биологиялық жолмен жаппай араласуы арқылы қалыптасуы

Жаңа заманда басқа жерге қоныс аударған бірнеше халық өкілдерінің тікелей ықпалының нәтижесінде болатын қалыптасуы

ЭТНОСОЦИОЛОГИЯНЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Ю.В. Арутюнян, Л.М. Дробижевлар тарапынан этносоциологияның ғылым ретінде қалыптасуына талдау жасалынды. Пікірталастардың арқасында этносоциологияның екі негізгі бағыты қалыптасты: **примордиализм және конструктивизм**. Алайда Ю.В. Арутюнян, Л.М. Дробижева тағы үшінші бағыт - **инструментализмді** көрсетеді.

Примордиалистер этносты, аффективті түрде байланып қалуы бар, тек тарихи-биологиялық феномен деп, ұлт болса “дамыған таптық қоғам үшін тән этностың түрі” деп анықталады. Примордиализм этникалылықтық қандай да бір объективті шындық ретінде және не тарихи дамумен, не биологиялық эволюциямен байланыстырылған индивидтің субъективтіктен жоғары тұратын сипаттамасы ретінде қарастырылады.

Примордиализмнің мәдени нұсқасы ең алдымен этникалылықты топ мүшелерінің тиістілігінің **объективті сипаттамалары** бар ортақтық ретінде қарастырады: аумақ, тіл, экономика, нәсілдік тип, дін, дүниетаным және тіпті психикалық құрылысы. Бірқатар ғалымдар этникалық ортақтық әлеуметтік архетип ретінде алғашқы мәнге ие және оны социологияда, саясатта елемеу адасқандық болып табылады дейді (Н.Глейзер, Д.Мойнихан).

Этникалылық - ол адамның сабақтас тиістілігіне ие болу қажеттілігіне негізделетін топтық бейілділікті әлеуметтік формасы мен экзистенционалды мағынасы (Ж.Де Вос, Л.Романуччи-Рос). “Этникалық тамырлар” негізінде қазіргі заманғы ұлттардың тұтас шежіресі жасалады (Э.Смит). Топтық этникалық категорияға бөлу үшін тарихи-лингвистикалық жіктелімдер (Э.Сепир, Дж.Гринберг), тарихи-археологиялық және физикалық-антропологиялық қайта қалпына келтірулер кеңінен қолданылады. Олар этникалық топтардың қазіргі заманғы номенклатурасы мен тарихи-кеңістіктік картографиялауға сүйенеді (С.А.Артюнов, В.П.Алексеев).

Бұл дәстүр шеңберіндегі соңғы тұрғылар, кез келген топтық әлеуметтік ұқсатудың формалары сияқты этникалылықтың субъективті формаларын мойындайды, бірақ ол тек өткен кезеңге бағытталған және мәдени-тілдік сипаттамалары арқылы қазіргі кездегі күйінде бекітілген. Примордиализм шеңберінде этникалылықтың мәдени-тілдік немесе психо-мәдени түрінде талдануы да этникалық ұқсатуды “Мен”-нің ажырамас **психологиялық бөлігі** деп қарастырады, ал оның өзгеруі табиғи емес және адамға зорлап берілген сияқты қарастырылады. Этникалылыққа мұндай көзқарастар этномәдени айырмашылықтарға ерекше мән берілетін мемлекет оны ресми тіркейтін және этникалық негізде мемлекеттік құруға дейін баратын қоғамдарда кеңінен таралған. Бұл тұрғы шеңберінде сонымен қатар социологиялық талдау әдісі негізінде ресей этнографиясында негізгі еңбектер жазылды (Ю.В.Артунян, М.Н.Глубогло, Л.М.Дробижева). Олардың шетелдік ғылымда да беделді жақтастары бар (У.Коннер, Д.Миллер, Р.Ставенхаген).

Этносоциологияда примордиалистік бағыт **Эрнест Геллнердің “Ұлттар және ұлтшылдық”** деген кітабы жарыққа шыққанға дейін үстем болды. **Конструктивизмнің кең таралуы** Геллнердің атымен байланыстырылуда. Э.Геллнер ұлт пен ұлтшылдықтың бірегей тұжырымдамасын жасадым деп мәлімдеп, этникалылыққа өз көзқарастарын ұлтшылдық саясатын түсіндірумен байланыстырады. Ұлттар идеясын Геллнер өзі ұсынған екі ережесінде іске асырады. Оларға сәйкес екі адамның бір ұлтқа жатуы, идеялар, шартты белгілер, байланыстар, жүріс-тұрыс пен тілдесу амалының жүйесі ретінде түсінілетін бір мәдениет біріктіретін болса, сонымен қатар олар бірін-бірі сол ұлтқа жатуын мойындаған жағдайда ғана іске асады. Э.Геллнерден басқа батыстық дәстүрде конструктивизм бағытында еңбек етушілер ретінде Б.Андерсен, Э.Хосбаум, саналады, ресейлік ғалымдар ішінен В.А.Тишковты айтуға болады.

Конструктивистер ұлттар мен мемлекет арасындағы тығыз байланысты қарастырды. Ұлт - индивидтердің бірлестігі, оларды жоғарыда аталған ортақ мәдениет пен өзара қолдаумен қатар, ортақ азаматтық та біріктіреді. Азаматтық түсіндіру ұлттың этникалық түсіндірмесі оны этнотілдік және этномәдени категория ретінде түсіндіретін примордиалистерге қарағанда ұлтты **саяси-құқықтық категория** ретінде түсініктемелейді. Сонымен ұлт конструктивизм тарапынан көбінесе саяси категория ретінде қарастырылады. **Б.Андерсонның** анықтамасына сәйкес ұлт - бұл елестетілетін саяси, сонымен бірге қажетті шектелген және тәуелсіз ретіндегі елестетілетін қауымдастық. Оның басқа қауымдастықтардан ерекшелігі осында. Ұлт шектелінген сияқты елестетіледі, өйткені адамзат тарапынан өзіне тең келетін елестеуші ұлт жоқ. Ұлт тәуелсіз ретінде елестетіледі, өйткені ұлттар еркіндік жайында армандайды. Бұл еркіндіктің көлемі мен символы - тәуелсіз мемлекет. Ұлт ортақтық ретінде елестейді, өйткені “ұлт” түсінігінің өзі терең “көлденең қауымдастық” жөніндегі ойды қамтиды.

Жалпы айтқанда, **конструктивизмнің мәні**, оның жақтастырының көзқарастырына сәйкес, этнос өзге нәрсе емес, элитаның интеллектуалдық конструкт дегенге саяды (суретшілер, жазушылар, ғалымдар мен саясаткерлер). Бұл конструкт этнос өкілдеріне, қоғам мүшелерінің санасына, былайша айтқанда “этникалық кәсіпкерлер” тарапынан әсер ету құралдарының көмегімен таратушы, жеткізуші этникалылықтың нақ өзі. Өз мақсаттарына жету үшін этникалылықты пайдаланатын адамдарды осылайша атайды.

Инструменталистік түсіндірмелерде этникалылық дегенде ең алдымен, билік үшін күресте элита тарапынан бұқараны алдап-арбау және мүдделеріне қол жеткізу үшін шығарылған идеология түсіндіріледі. Мұндай тұрғыдан қарау этносаралық қатынастарды саясаттану тұрғысынан зерттеуге, яғни билік социологиясы мен саяси антропологияға тән. Этникалық қауымның өмір сүруі **социологиялық функционализм** тұрғысынан түсіндіріледі. Этникалық топтар өмір сүргендіктен олар белгілі бір мақсаттарға қызмет еткенді және нақтылы мүдделерге сәйкес келеді.

Инструменталистік теориялар арасынан **ассимиляциялық тұжырымдамалардың** бір тобын атап көрсетуге болады. Ең көп тарағаны “балқыту қазаны” теориясы болып табылады. Ол теорияға сәйкес АҚШ-тың барлық этникалық аз топтары бірыңғай халыққа балқытылуы қажет. Ал этникалық “тартылыс” пен мәдени жақындықтың арқасында пайда болатын белгілі бір мүдделер үшін саяси күрестегі топаралық бірлестіктер болса, олар жаңартылған ұлттық мемлекет жолындағы уақытша кедергілер ғана. Алайда, 1970-ші жылдардың ортасында-ақ “балқыту қазанының” идеологтары АҚШ ішіндегі ұлттық қозғалыс феноменімен кезікеннен кейін “жаңа этникалылықты” түсіндіру үшін ассимиляция теориясының жарамсыз екендігін мойындауға мәжбүр болды. Осыдан кейін ассимиляционизмнің теоретиктері этникалық топты мүдделермен бірігетін топ ретінде, ал этникалылықты топтық мүдделерге қол жеткізу құралы және топтың саяси күресте белгілі ресурсы ретінде анықтай бастады.

Жалпы, А.А.Знаменский американдық ғалымдардың зерттеулерімен танысу қоғамтанушыларға қолда бар тұжырымдамаларды өз зерттеулерімен толықтырып, тексеру үшін назарды шоғырландыруға жақсы мүмкіндік береді деп санайды.

Бірқатар жылдар көлемінде “**этникалылық**” **социология** мен антропологияның маңызды түсінігі болып келді, бірақ сонда да ол басқа түсініктермен қатар оның мәні, қоданылуы мен арақатынасы әзірге түсініксіз болып көрінеді деген этникалылық феноменіне қатысты айтылған пікір антрополог **М.Бэнкске** тиесілі. Бұл проблеманы қозғаған кез келген зерттеуші этникалылыққа өз түсіндірмесін беруге тырысады.

Этникалылықты түсінудегі барлық тұрғылар міндетті түрде өзара бірін-бірі жоққа шығарушы болып табылмайды. Этникалылықтың ең маңызды аспектілерін контекстіге сезімталдығы бар конструктивистік негізде біріктірудің келешегі орасан зор. Этникалылықты түрлі деңгейлердегі әлеуметтік диспозиция мен жағдайға тәуелділік жүйесінде және контекстілік көкжиегінде қарастыруға болады. **Олар:** әлемдік жүйелердің трансұлттық деңгейінде (У.Ханнерц, И.Валлерштайн), “ішкі отарлаушылық” мемлекет-ұлттары шеңберінде (М.Хеттер) немесе “құрылымдық зорлау” (И.Голтунг), мәдени шекаралар теориясы контексінде, топаралық деңгейде (Ф.Барт) және психологиялық теория шеңберіндегі топшілік деңгейде көрінеді.

Этникалылыққа тұрғыны “дәстүрлі мәдени типтерден” тыс жасау өнімді болып табылады. Бұл тұрғы адамды этникалылықта емес (**этнофора**), этникалылықтағы адам деп қарастыруға мүмкіндік береді, ол “шынайылықты” көбірек сезімталдықпен және бара-бар қабылдауға және этникалылыққа қоғамдық басқару мағынасында көбірек конструктивті ықпал етуге түбегейлі жақындата түседі.

З.В. Синкевич этникалылық феноменіне қатысты қолда бар тұрғыларға талдау жасап, этникалылыққа мынадай **анықтама** береді: “этникалылықты біз қарқындылығы жағынан әр түрлі болса да ерекше тұрақты шаманы, әуел бастан **биоэнетикалық және биоәлеуметтік бірыңғайлық** негізінде қалыптасушы және этноәлеуметтік кеңістікте топ аралық әрекеттесу барысында “бізді” “бізде емес” деген салыстырма түрінде көрінуші топтық ұқсастық пен ынтымақтастық жайында қайғыру деп түсінеміз”.

Бұл автордың ойынша этникалылық **бес маңызды қызмет** атқарады, оның үшеуі өзінің мазмұны бойынша шектелінген, қалған екеуі тұрақты емес және жағдайға байланысты сипаты бар. З.В. Синкевич этникалылықтың органикалық **қызметтеріне** мыналарды жатқызады: реттеуші (этникалық тұлғааралық және топтық қатынастарды дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, құндылықтар негізінде реттейді); ақпараттық (этникалық ақпаратты мәдени құндылықтар мен идеялар тұрғысынан ретке келтіреді, жүйелейді, “тазартылады”); психологиялық немесе қорғау (этникалылықтың кертартпалығы адамның тұрақтылыққа және айқындылыққа деген қажеттілігін қанағаттандыруға жол ашады. Этникалылықтың **жағдайлық қызметтері** - жұмылдырушылық және дәлдемелік. **Біріншісінің** арқасында этникалық белгілі бір жағдайларда саяси, экономикалық және өзге де мақсаттарға қол жеткізу үшін тиімді құрал болады. **Дәлелдемелік қызмет** жұмылдыру сатысында топтық және жеке даралық-тұлғалық деңгейде жүріс-тұрыс пен сана-сезімнің қандай да бір бағытын дәлелдеп отыруға мүмкіндік береді.

Мұндай “этникалылық” сияқты күрделі феноменді анықтау мен ғылыми түсіндірудің жоқ дегенде **үш негізгі аспектін** бөліп қарастыруға болады: интеракциялық, онда этникалылық топаралық әрекеттесу түрі ретінде талданады; атрибуттық, онда этникалылық ең алдымен этникалық бірдейлік ретінде қарастырылады .

С.Хантингтон атап көрсеткендей, қазіргі кезде әлемде мәдени бірдейліктер (этникалық, ұлттық, діни, өркениеттік) үлкен маңызға ие. Этникалық бірдейліктер көптеген адамдар үшін, әсіресе қоғамдық дағдарыс кезінде ең тұрақты және маңызды болып табылады. Жеке адам үшін өзінің тобы өзінен артық және үлкен болып көрінеді. Өз этносын осылайша табиғи түрде қабылдауы адамның оған таңдамайтынымен байланысты. **Этникалық бірдейлік** миллиондаған адамдар үшін ешқандай күмәнсіз табиғи шындық сияқты, бұл арқылы олар өздерін жете түсінеді және соның арқасында өзіне-өзі “Мен кімін және мен кіммен біргемін?” деген сұраққа жауап алады. Этникалық бірдейлік тұлғаның әлеуметтендіруі барысында өздігінен қалыптасады және сонымен қатарласа белгілі бір этникалық қауымдастыққа жатқызылуын жете түсіну адамның әлеуметтік табиғатының көрінуінің біріне айналады.

Бірқатар авторлар тарапынан этникалық бірдейлік көп деңгейлі құрылым ретінде қарастырылады. **Бірінші деңгейді** В.А.Ачкасов, былай дейді - бұл “біз-олар” деген оппозиция үшін негіз болатын жіктелім және бірдейлік. **Екінші деңгейді** “бейнелерді қалыптастыру” құрайды, яғни этникалық қауымдарға белгілі бір мәдени, мәртебелік және сол тәрізді сипаттамаларды жатқызу. **Үшінші деңгей** этникалық идеология, бұл жерде “өз тобының басқа этникалық топтарға қатысты өткеніне, қазіргі кезіне және келешегіне байланысты “азды-көпті болса да” қисынды көзқарас керек.

В.Ю. Хотинец этникалық өзін-өзі сәйкестендіру және этникалық өзіндік сана-сезім бір тәртіптегі, бірақ ұқсас емес түсініктер дейді. Этникалық өзін-өзі сәйкестендіру қауымдастықтың тарихи-мәдени даму барысында құрылатын этногенездің белгілі бір өлшемдері: нәсілдік-биологиялық (шығу тегі), климаттық-географиялық (өз халқының тарихы, мәдениеттің және діннің т.б. этникалық символдары) бойынша қайсы бір этникалық қауымға жатқызылу сезімі болып табылады.

Этникалық сана-сезім өзекті ұқсатудың этникалық және басқа формаларын қамтитын кең көлемді идентификацияның нәтижесі болып табылады (аумақтық, мәдени, тілдік, діни, әдет-ғұрыптық, нәсілдік, антропологиялық, психологиялық, т.б.). Бұл жерде адам өз қауымына қатыстылығын ғана сезіп қоймай, сонымен қоса этникалық нақтылықтың объективті өмір сүру құрамдас бөліктеріне субъективті әлеуметтік психологиялық байлағанын ұғынады, этникалық әлемде өз орнын анықтайды. Этникалық өзін-өзі ұқсату жайлы этникалық субъект, этникалық сананың пайда болуының бір деңгейі ретіндегі ойдың қалыптасуының факторы болып табылады.

Этникалықты әр түрлі әдістемелік бағыт-бағдарлардың социологиялық тұжырымдамаларында түсініктемелеу алуан түрлі және көп жағдайда әлеуметтік шындықтың өзіне байланысты болады.

Этникалықты түсініктемелеуші социологиялық тұжырымдамалар арасынан “объективті социологияға” (неомарксизм, ресурстық бәселестік теориялары), сондай-ақ “субъективті социологияға” (символикалық интеракционизм, рационалды таңдау теориялары) тоқталған жөн.

Неомарксизмнің негізгі методологиялық ерекшелігі мынада, оның тұжырымдамалары нәсілдік және этникалық қатынастар экономикалық факторлармен қоса алғанда, сипаты мен динамикасы алдын ала анықталған дейді. Сонымен қоса, этникалық және нәсілдік жанжалды терең, таптық жанжалдың көріну формалары деп санайды. Аталған бағыттағы ең маңызды зерттеулер О.Кокстің, М.Райхтың, Р.Майлстың, Дж.Соломастың есімдерімен байланысты.

Классикалық және қазіргі кездегі әлеуметтік теорияларда негізгі орындардың бірі **тұлғааралық және топаралық қатынастар** бәсекелестіктер түсінігіне тиесілі. Қазіргі кезде табиғи, экономикалық, әлеуметтік, саяси ресурстар үшін бәсекелестік күресте ең күшті **фактор** этникалылық болып отыр. Этникалылық феноменіне қатысты ресурстық бәсекелестік теориясының **төрт негізгі жағдайы** бөлініп қарастырылуда: этникалық жұмылдыру урбанизациямен күшейе түсуде; оның қарқындылығы экономика бағыттарының кеңеюі есебінен жоғарылауда, бұл жұмыс орындары үшін бәсекелестікті күшейту еді; этникалық жұмылдырудың жоғарылауына шеткі, алыс аудандардың дамуы мен этникалық топтардың орын тепкен жерінде табиғи ресурстардың ашылуы әсер етеді және соңғысы этникалық жұмылдыру мемлекеттік құрылым процестерімен қоса жүреді. Этникалылықтық бәсекелестің ең басты себептерінің бірі - **миграциялық жылжулар**. Этникалық қатынастарға ресурстық бәсекелес жайындағы ойларды қолдану “мангестерлік мектептің” антропологтары Ф.Маердің, А.Коэннің, К.Митгелдің жұмыстарында көрініс береді.

Символикалық интеракционизмнің теориялық тұрғысы өткен ғасырдың 20 - 30-жылдары Чикаго мектебінің өкілдері тарапынан этнонәсілдік проблемаларды зерттеу үшін қолданылды (Р.Парк, Л.Вирт және басқалар). Этникалылықты осы парадигма шеңберіндегі қазіргі заманғы зерттеулерге, этникалық қатынастарды индивидтердің өзара “ұжымдық анықтау” процесіндегі әлеуметтік байланыс ретінде түсіну тән. Символикалық интеракционизм этникалық топтардың қатынастарына тән жасырын **дуализмді** көрсетеді: ол ішкі ынтымақтасуды күшейте отырып, бағынышты топтар көп деңгейде өзінің “қайталанбастығын” дәлелдеуге тырысатын жағдайларын анық түрде қисынға келтіріп бере алмады немесе ортақ мәртебемен ықпалды арттыру мақсатында басқа да қауымдастықтармен өзара ұқсастыққа жетуі мүмкін.

3. Қазіргі кездегі этнос процестерін зерттеу

Қазіргі кездегі этностар динамикалық процестер ретінде қарастырылады. Алғашқы кезде этникалық процестерге этностардың өзгерісі жатқызылды. Бірақ 60-шы жылдардың соңында-ақ бұл түсінік бойынша “этникалық процестер” ұғымының аясы тарылып барады делінген еді (Л.В. Хомиг). Тиісінше бұл процестерді адамдардың этникалық тиістілігінің өзгеруін білдіретін **этнотрансформациялық** және адамдардың этникалық тиістілігі сол күйінде қалатын этностардың өзгеруін білдіретін **этноэволюциялық** деп бөлу жөнінде пікір айтылған еді (Ю.В. Бромлей).

Сонымен қатар, этникалық процестер мен этноәлеуметтік қауымдастықтардың өзгеруін айырып көрсету ұсынылды (Ю.В. Бромлей). Ал, этникалық процестер өз кезегінде **біріктіруші және ажыратушы** болып бөлінеді. Этнобіріктіруші процестерге **консолидация** (В.К.Гардаков, Е.О.Долгих, Т.А.Жданко), **ассимиляция** (В.И.Козлов, И.С.Гурвич), **этносаралық миксация** жатады. Консалидацияның өзін ішкі **этникалық және этносаралық** деп бөлу ұсынылды (Ю.В.Бромлей). **Этносаралық консалидация** деп тілі мен мәдениеті бойынша бұрын дербес, бірақ туыстас болған бірнеше халықтардың ортақ жаңа ірі этносқа бірігуі түсіндіріледі. **Ішкі этникалық консалидация** - бұл этностың барлық айырамашылықтарды жұмсарту арқылы жұмылдырылуы. **Ассимиляция** деп дербес өмір сүретін этностың немесе оның қандай да бір бөлігінің басқа біреуге, әдетте ірі халықтың ортасында сіңіп кетуі түсіндіріледі. **Этносаралық интеграция** - бір-бірінен тілі және мәдениеті бойынша айтарлықтай ерекшеленетін этностардың өзара әрекеттесуі (әдетте мемлекет ішінде), бұл нәрсе оларда бірқатар ортақ белгілердің және ортақ сана-сезім элементтерінің, басқаша айтқанда метаэтникалық қауымдастықтың пайда болуына алып келеді. **Этносаралық миксация** - туыстық бойынша байланыспаған халықтардың өзара әрекетке түсуі, оның барысында жаңа этнос пайда болады.

Этноажыратушы процестерде **парциация, сепарация** (П.И. Пучков) және **дисперсизация** (Ю.В. Бромлей) бөлініп шығады. Этникалық **парциация** кезінде бұрын біртұтас болған этнос бірнеше азды-көпті бөліктерге бөлініп кетеді және ол бөліктердің ешқайсысы өзін толығымен ескі этноспен теңестірмейді. Этникалық **сепарацияға** қандай да бір үлкен емес халықтан уақыт өте дербес этносқа айналатын бір бөлігінің бөліну (әдетте салыстырмалы түрде кішкентай бөлігі) жағдайы ұғынылады. Егер этникалық парциацияда бастапқы этнос шындығына келгенде өмір сүруін тоқтатса, этникалық сепарацияда ол сақталады. Парциация сепарацияға қарағанда этникалық **дисперсизацияда** бұрынғы этностан жаңа этносқа айналатын бөліктері емес, тек этникалық топтар құратын бөлігі бөлініп шығады.

Қазіргі уақытта этнос және этникалық процестер теорияларының жасалынуы әрі қарай жалғасуда.

Этносоциология әлеуметтік және этникалық процестерді зерттеп, олардың өзара байланысын аша отырып, аса үлкен проблемаларды қамтиды.

Этносоциологияның қалыптасуының **бірінші кезеңі** - “ұлттардың дамуы мен жақындасуы” процестерін зерттеу. Бұл кезеңде қазіргі ұлттардың жаңарту процестерін ой елегінен өткізу аса маңызды. Оның мәні этножіктелуші белгілердің мәдениет, тұрмыс және тұрмыс қалпынан көбінесе ұлттық сана-сезім саласына ауысудан тұрады. Адамдар ұқсас өмір сүре бастайды, бірақ ұлтаралық (интернационалдық) мүдделер бірлігін сезбейді. Бұл құбылысты Ю.В.Бромлей этникалық парадокс деп атаған.

Қазақстанда ұлттар қатынастарды зерттеу

Қазақстанда ұлттар мен олардың өзара қатынастарының даму проблемаларын зерттеу өзінің қалыптасқан ғылыми дәстүріне ие екенін айта кеткен жөн. Оның негізі Н.Д. Жанділдин, М.С. Жүнісов, О.Исмағұлов, Т.Сәрсенбаев, М.М. Сужиков, Г.Е. Сапарғалиев және т.б. тарапынан қаланған. Олардың еңбектерінде **ұлтаралық қатынас проблемалары** қозғалды, олардың даму тенденциялары байқалды. Нақтылы социологиялық зерттеу материалдарында ұлтаралық қатынас мәдениетінің қалыптасуындағы түрлі факторлардың өзара әрекеттесуі талданып, ұлтаралық қатынастарды реттеуде мемлекеттің рөлі қарастырылды.

Қазақстандық ғалымдардың соңғы жылдардағы еңбектері (Р.Б. Әбсаттаров, Л.А. Байдильдинов, Н.Ж. Байтенова, С.К. Калмыков, Ә.Қалмырзаев, А.П. Коновалов, В.Д. Курганская, К.Е. Көшербаев, Г.В. Малинин, К.М. Марданов, Ә.Н. Нысанбаев, Н.В. Романова, С.Т. Сейдуманов, К.Л. Сыроежкин, М.Б. Татимов, С.К. Утешов, З.К. Шаукенова және басқалар) ұлттық саясатты, ұлттық қатынастарды ғылыми басқарудың мәнін ашады, этносаясатқа теориялық негіздеме жасайды, этносаралық интеграцияны ұзақ мерзімді және қарама-қайшы процесс ретінде қарастырады, тілдің пікірталас проблемаларын, жанжалдардың потенциалды мүмкіндіктерін, қазіргі қазақстандық қоғамдағы **ұлтаралық қатынастар мен ұлтаралық қарым-қатынастардың өзгеру ерекшелігін** талқылайды.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. «Этникалылық» терминін түсіндіріңіз.
2. Этнос сөзінің бөлінуі
3. Примордиализм, конструктивизм және инструментализмнің мәні.
4. Этникалық бірегейлік деген не?
5. Этникалық сана-сезім деген не?
6. Этникалық процестер түрлеріне анықтама беріңіз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: учебное пособие. Алматы, 2016
2. Бринкерхоф Д., Уейте Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 464 б., 2018
3. Ритцер Д., Степниcki Д. Әлеуметтану теориясы. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 856 б., 2018
4. Волков Ю.Г. Социология: Учеб. – Ростов н/Д: Феникс, 2009.
5. Добренъков В.И. Социология: Учеб. – М.: ИНФРА-М, 2009.
6. Кравченко А.И. Социология: Учебник. – М.: Велби; Проспект, 2009.
7. Социология: Учеб. / Под ред. Н.Г. Скворцова. – М.: Проспект, 2009.
8. Эфендиев А.Г. Общая социология: Учеб. пособие. – М.: ИНФРА-М, 2009.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!
